

ӨНІМНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Sika Antifreez 550 HE®

Қатуды жеделдету үшін қолданылтын, бетонға арналған аязға қарсы қоспа (ASTM C 494 – type C)

ӨНІМНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Sika Antifreez 550 HE – бетонды +5°C-тен төмен температура кезінде құюға мүмкіндік беретін аязға қарсы қоспа. Осы қоспаны Sika ViscoCrete суперпластификаторларымен біріктіріп қолдану қажет.

ҚОЛДАНЫЛУЫ

- Тауарлық бетон өндірісі
- Жоғары талаптар қойылатын жоғары таңбалы бетон өндірісі
- Бетонның қатаюын жеделдеткіш
- Темірбетон бұйымдары
- Көпірлер мен гидротехникалық құрылыстар, аэродромдар
- Іргетастар (жерасты және жерүсті құрылыстарының)

СИПАТТАМАЛАРЫ/
АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

- Теріс температуралар кезінде бетон қоспасының барлық қасиеттерін сақтайды
- Арматураның тот басуын болдырмайды
- Ерте қатаюды жеделдетеді
- Бетонның аязға төзімділігін арттырады
- Арматурадағы тот басудың тежегіші

ҰСЫНЫСТАР

Суық ауа-райында бетонды құю кезінде келесі сәттерге назар аудару керек:

- Қалыптар мен арматура қар мен мұз қабатынан тазартылуы тиіс
- Қалыптар жылудың жоғалуынан оқшауланған болуы тиіс

ӨНІМ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Химиялық негізі	Бейорганикалық тұздар негізіндегі сулы ерітінді
Қапталуы	30 кг канистрлер, 100кг бөшкелер, 1000кг сауыттар және құйып беріледі
Жарамдылық мерзімі	Дайындалған күнінен бастап 12 ай
Сақтау шарттары	Ашылмаған зауыттық қаптамасында, құрғақ бөлме-жайда, тура күн сәулесінің және мұздатудың әсерінен қорғай отырып, +5°C бастап +30°C дейінгі температурада.
Сыртқы түрі/Түсі	Мөлдірден бастап ашық-қоңырға дейінгі түсі бар сұйықтық
Тығыздығы	1,21±0,02г/см ³ (20°C кезінде)

ҚОЛДАНЫЛУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Өнімнің техникалық сипаттамасы
Sika Antifreez 550 HE®
Қараша 2024

Ұсынылған мөлшерлеме	Цемент салмағынан 0,5–2 % сұйық қоспа. Қоспаның көрсетілген мөлшерлемесі қоршаған ортаның температурасына қарай көбірек немесе азырақ жағына қарай өзгеруі мүмкін: 0-ден бастап -5°C дейін – цемент салмағынан 0,5–0,8 %; -5°C бастап -10°C дейін – 0,8–1 %; -10°C бастап -15°C дейін – 1–1,2 %; -15°C бастап -20°C дейін – 1,2–1,5%; -20°C бастап -25°C дейін – 1,5–2 %. Бұл ретте оңтайлы мөлшерлемесі алдын ала жасалған <u>зертханалық сынақтар негізінде белгіленеді</u>.
-----------------------------	---

ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

Sika Antifreez 550 HE бетон (ерітінді) қоспасына сумен бірге қосылады. Қоспаны енгізгеннен кейінгі араластыру уақыты әрбір өндірістің жеке шарттарына байланысты және зертханада алдын ала сынақ жасау кезінде анықталуы тиіс.

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУ

Бұйымның осы Техникалық сипаттамасында көрсетілген барлық техникалық деректер, зертханалық зерттеулер нәтижелеріне негізделеді. Нақты жағдайларда алынған деректер, біз әсер ете алмайтын жағдайлардың әсерінен өзгеше болуы мүмкін.

ЖЕРГІЛІКТІ ШЕКТЕУЛЕР

Айрықша жергілікті нормативтік-құқықтық актілердің әрекеті нәтижесінде, материал туралы және оны қолдану туралы ақпарат әртүрлі елдерде әртүрлі болуы мүмкін екендігін есте сақтаған жөн. Материал туралы және оны қолдану туралы нақты ақпарат алу үшін, сіздің еліңізге арналған техникалық сипаттаманы пайдаланыңыз.

ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

Улылығы, қоймаға жинау шарттары, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптар Sika Antifreez 550 HE материалының қауіпсіздік төлқұжатында көрсетілген.

Өнімнің техникалық сипаттамасы
Sika Antifreez 550 HE®
 Қараша 2024

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Ақпарат, жекелей алғанда, Sika® материалдарын соңғы қолдану жөніндегі ұсыныстар Sika компаниясының ұсыныстарына сәйкес дұрыс сақталған, жұмыс істелген, пайдаланылған жағдайда қазіргі кезде бар білімдер мен тәжірибе негізінде көрсетілген. Шындығында, материалдар, негіздер мен нысандардағы жұмыс шарттарының арасындағы айырмашылықтарға байланысты, коммерциялық табысқа, нақты жағдайларда пайдалануға жарамдылыққа, және де қандай-да бір құқықтық қатынастардан туындайтын жауапкершілікке қатысты қандай-да бір кепілдіктер осы ақпарат негізінде де, қандай-да бір жазбаша ұсыныстар негізінде де, қандай-да бір басқа анықтамалық ақпарат негізінде де беріле алмайды. Осы материалды пайдаланатын тұлғалар, нақты қолдану саласы мен мақсаты үшін материалдың жарамдылығын сынақтан өткізуі тиіс. Sika компаниясы өзі шығаратын материалдардың қасиеттеріне өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Үшінші тұлғалардың меншік құқықтарын сақтау қажет. Барлық тапсырыстар сату мен жеткізудің қолданыстағы шарттарында қабылданады. Осы материалды қолданатын тұлғалар, нақты өнімге арналған материалдың Техникалық сипаттамасының соңғы редакциясын басшылыққа алуы тиіс, олардың данасы сұраныс бойынша жіберіле алады.

“Сика Сентрал Эйша” ЖШС

050016, **Almaty**, Kazakhstan
100/5, Mamyr-4 dstr., 4th
Phone +7 (727) 39 000 39
E-mail: info@kz.sika.com
www.sika.kz

Raiymbek ave., 211A
Phone +7 (727) 222 12 83

060021, **Atyrau**, Kazakhstan
Azattyk ave., 116A
Phone +7 (7122) 30 88 22

010000, **Astana**, Kazakhstan
Beisekbayeva street, 24/1
Phone +7 (7172) 69 51 84

Өнімнің техникалық сипаттамасы
Sika Antifreez 550 HE®
Қараша 2024

